

«БЕКІТЕМІН»
Түркістан облысы білім басқармасының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ
директоры Б. Төлімбет
2024 ж.


ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Озық педагогикалық тәжірибені тарату туралы ереже (ары қарай – Ереже) ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 253 бұйрығы басшылыққа ала отырып жасалған.
- 1.2. Озық педагогикалық тәжірибе – тәжірибе жүзінде іске асырылған алдыңғы қатарлы педагогикалық идеялардың жиынтығы. Бұл тәжірибе қолданыстағы жаппай тәжірибеге қарағанда әлдеқайда жоғары нәтиже береді.
- 1.3. Осы ереже педагогтердің озық тәжірибесін мектеп, аудан және облыс деңгейінде тарату тәртібін реттейді.
- 1.4. Озық педагогикалық тәжірибе міндеттері:
 - оқыту әдісіне жаңашылдықты ендіру, оның нәтижелілігі арқасында уақытты тиімді пайдаланып, сапалық биікке көтеру;
 - мұғалім мен оқушы арасындағы жаңа, өзіндік педагогикалық ынтымақтастық жолдарын табу, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыс жүргізудің жаңа әдістерін ендіру.

2. Озық педагогикалық тәжірибе критерийлері

- 2.1. **Педагогикалық қызметтің жоғары нәтижелері.** Озық педагогикалық тәжірибе білімнің жоғары сапасын, тәрбие деңгейінде, балалардың жалпы және арнайы дамуында айтарлы өзгерістерді қамтамасыз етуі керек. Бұл жағдайда оқушы бағасы емес, оқушының білімділігі, білімінің тереңдігі және беріктігі, оқушы мәдениеті маңызды болып табылады. Сонымен қатар бұл мұғалімнің жұмыс нәтижелері басқалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болуы қажет.
- 2.2. **Өзектілігі.** Тәжірибе өзектілігі екі ұстаным тұрғысынан айқындалады:
 - а) ұсынылған тәжірибе білім беру ұйымы алдында тұрған оқыту мен тәрбиенің негізгі міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал етеді;
 - ә) жаппай тәжірибеде кездесіп жатқан қандай қиындықтар, проблемалар мен қарама-қайшылықтарды шешеді.



2.3. **Жаңашылдығы.** Жаңашылдық элементтерін педагогикалық үдерісті бақылау нәтижесінде байқауға болады. Ол жаңа мазмұн, оқыту мен тәрбиенің жаңа формалары, әдістері, оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудің жаңа заңдылықтары болуы мүмкін.

2.4. **Оқу-тәрбие жұмысындағы жоғары нәтижелердің тұрақтылығы.** Ұзақ мерзім аралығында түрлі жағдайларға қарамастан мұғалім оңтайлы нәтижелерге қол жеткізіп отырады. Тұрақтылық тәжірибе нәтижелерінің заңдылықтарын дәлелдейді.

2.5. **Репрезентативтігі:**

а) тәжірибенің уақыт бойынша жеткілікті тексеруден өтуі;

ә) осы тәжірибені пайдаланған мұғалімдердің жұмысындағы оңтайлы нәтижелердің дәлелденуі;

б) тәжірибені жаппай тарату мүмкіндігі.

3. Озық педагогикалық тәжірибемен жұмыс жасау кезеңдері

3.1. **Озық тәжірибені анықтау кезеңі** – тәжірибенің белгілі критерийлерге сәйкестігін анықтау. Анықтау жолдары: тақырыптық мектепішілік бақылау барысында сабақтарға ену кезінде; жыл қорытындыларын талдау кезінде: мұғалімнің оңтайлы, тұрақты нәтижелерін байқау онда белгілі бір жүйенің бар екенін дәлелдейді, оны тәжірибе ретінде рәсімдеуге болады; аттестаттау кезінде, әсіресе зерттеуші және шебер біліктілік санаттарына.

3.2. **Озық тәжірибені зерттеу кезеңі** – бұл онымен терең, жан-жақты танысу, барысы мен нәтижелері туралы нақты материал жинақтау үдерісі. Бұл кезеңнің маңызды міндеті – зерттеліп жатқан тәжірибенің жаппай тәжірибеден айырмашылығы неде екенін анықтау, ерекшеліктерін ажырату.

3.3. **Озық тәжірибені жинақтау кезеңі** – оны қорытындылап, жүйелеп сипаттау. Жинақтаудың негізгі міндеті – оның ең маңызды тұстарын айқындау, педагог жұмысындағы оңтайлы нәтижеге қол жеткізген әдістер мен тәсілдерді ашып беру.

3.4. **Озық тәжірибені тарату кезеңі** – тәжірибені түрлі жолдармен насихаттау.

4. Озық педагогикалық тәжірибені тарату деңгейлері мен талаптары

4.1. **Мектепішілік деңгей:**

- әдістемелік бірлестік отырысында шығармашылық есеп беру;
- ашық сабақ, шебер-сыныптар өткізу;
- педагогикалық немесе әдістемелік кеңесте шығармашылық есеп беру.

4.2. **Аудандық, қалалық деңгей:**

- аудандық, қалалық семинарларда тәжірибесімен бөлісу;
- аудандық, қалалық конференцияларда шығармашылық есеп беру, шеберлік сыныбын өткізу, т.б.;
- аудан деңгейінде әдістемелік құрал, нұсқаулықтар шығару.

4.3. **Облыстық деңгей:**

- облыстық ғылыми-практикалық конференция, педагогикалық оқулар, байқауларға қатысу;
- облыстық семинарларда тәжірибесімен бөлісу;

- облыс деңгейінде құрал, нұсқаулықтар шығару;
- ұсынылатын озық тәжірибенің білім алушылардың білім сапасына әсерін көрсете отырып, кемінде 2 білім беру ұйымында енгізу актісі.

5. Озық тәжірибені жинақтап, таратуға жауапты тұлғалар

5.1. Мектепшілік деңгей:

Жауапты: мұғалімнің өзі, директордың орынбасары

Көмектеседі: ӘБ жетекшісі

5.2. Аудандық, қалалық деңгей:

Жауапты: мұғалімнің өзі, А(Қ)ӘК әдіскері

Көмектеседі: директордың орынбасары

5.3. Облыстық деңгей:

Жауапты: мұғалімнің өзі, ОББДО әдіскері

Көмектеседі: А(Қ)ӘК әдіскері

6. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату формалары

1. Ашық сабақтар, шеберлік сыныптары.
2. Педагогикалық кеңестер, жиналыстар, мәжілістер.
3. Ғылыми-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік конференциялар.
4. Педагогикалық оқулар, педагогикалық көрмелер.
5. Диспут пен дискуссиялар.
6. Семинарлар, практикумдар.
7. Педагогикалық консультациялар.
8. Өз білімін жетілдіру.
9. Әлеуметтік желілер, телеарналар, БАҚ құралдары арқылы жарияланымдар.

7. Озық тәжірибе бойынша құжаттарды папкаға ресімдеу реттілігі

7.1. Мектепшілік деңгей:

- озық тәжірибе авторы туралы мәлімет;
- әдістемелік бірлестік отырысында жасалған шығармашылық есебі;
- ашық сабақ, шебер-сыныптар жоспарлары;
- педагогикалық немесе әдістемелік кеңесте жасаған шығармашылық есебі.

7.1. Аудандық деңгей:

- озық тәжірибе авторы туралы мәлімет;
- аудандық, қалалық семинарларда өткен сабақ, іс-шара жоспарлары;
- аудандық, қалалық конференцияларда оқыған шығармашылық есеп мәтіні, шеберлік сыныбының жоспары, т.б.;
- аудан деңгейде таратқан әдістемелік әзірлемесі (әдістемелік құрал, нұсқаулық, жинақ, авторлық бағдарлама, т.б.).

7.2. Облыстық деңгей:

- Озық тәжірибе авторы туралы мәлімет;
- облыстық ғылыми-практикалық конференция, педагогикалық оқуларда оқыған баяндамалары, байқауларға қатысу нәтижелері (грамоталары);
- облыстық семинарларда өткен сабақ, іс-шара жоспарлары;

- облыс деңгейде таратқан әдістемелік әзірлемесі (әдістемелік құрал, нұсқаулық, жинақ, авторлық бағдарлама, т.б.);
- ұсынылатын озық тәжірибенің білім алушылардың білім сапасына әсерін көрсете отырып, кемінде 2 білім беру ұйымында енгізу актісі.

*Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының
14.09.2023.жылы №3 әдістемелік кеңес отырысында қаралды.*

